

2012 жылды халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 наурызыдағы № 76 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Эділет басқармасында 2012 жылғы 10 сәуірде № 9-16-138 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2012 жылды халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызлікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асыраудың тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралманدار;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші - занды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қыскаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
- 14) ұзақ уақыт жұмыспен қамтылмағандар (он екі айдан астам);
- 15) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 16) жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органында тіркелген елу жастан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ә. Закаринге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан

әкімінің

міндетін атқарушы

T. Ержанов

КЕЛІСІЛДІ:

"Науырзым ауданының жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" ММ бастығы

Ө. Сансызбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК